

**"Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшырудың және зымырандарды сынақтық ұшырудың 2002 жылға арналған жоспарлары бойынша қорытындыны бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 28 желтоқсан N 1749

1999 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшыру және зымырандарды сынақтық ұшыру жоспарларын ұсыну мен қорытынды (келісу) алу тәртібі туралы келісімге сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған "Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшырудың және зымырандарды сынақтық ұшырудың 2002 жылға арналған жоспарлары бойынша қорытынды (бұдан әрі - Қорытынды) бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қорытындыны дипломатиялық арналар бойынша Ресей тарапына жолдасын.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2001 жылғы 28 желтоқсандағы  
N 1749 қаулысымен  
бекітілген

"Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын  
ұшырудың және зымырандарды сынақтық ұшырудың  
2002 жылға арналған жоспарлары бойынша  
қорытынды

Ресей тарапы ұсынған "Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшырудың 2002 жылға арналған жоспарлары (1, 2-қосымшалар) Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы "Байқоңыр" кешені жөніндегі халықаралық шарттарға сәйкес келеді және келісілді деп таныла алады.

"Байқоңыр" ғарыш айлағынан зымырандарды сынақтық ұшырудың 2002 жылға арналған жоспары (3-қосымша) СШҚ туралы шартқа байланысты бастапқы деректерді белгілеу жөніндегі уағдаластық туралы меморандумнан Қазақстан Республикасының есебінде тұрған РС-18 ҚБЗ ШҰҚ-ты және РС-20 ҚБЗ ШҰҚ-ты шығарып, оларды Меморандумда Ресей Федерациясына қосқаны туралы, сондай-ақ ШҰҚ-ты жою және тиісті жер телімдерін қалпына келтіру жөніндегі жұмыстарды қаржыландыру мәселелерін шешкені туралы ресми хабарлама алғанға дейін келісілмейді.

2002 жылы "Байқоңыр" кешенінің жалға берілген мүлкіне ажырамас жақсарту енгізу жоспары (4-қосымша) мынадай себептер бойынша келісу мәніне қарауға қ а б ы л д а н б а й д ы :

1. 1997 жылғы 4 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенін Ресей Федерациясы жалға алған жағдайдағы оның аумағындағы экология және табиғат пайдалану бойынша келісімнің 3 және 4-баптарына сәйкес "Байқоңыр" кешеніндегі жаңа құрылыстар және жұмыс істеп тұрған объектілерді қайта жаңарту жобаларын Қазақстан Республикасының мемлекеттік экологиялық сараптамасына ұсыну және "Байқоңыр" кешенінде жаңадан салынатын объектілер үшін табиғат пайдалануға рұқсат алынуы қажет. Бұл талаптар сақталмаған.

2. Жоспарға "Байқоңыр" кешенінің жалға берілген мүлкіне жақсарту енгізбейтін, объектілерді үнемі пайдалануға дайындықта ұстауды қамтамасыз ететін регламенттік жоспарлы-алдын алу, ұшырудан кейінгі жөндеу-қайта қалпына келтіру болып табылатын бірқатар жұмыстар енгізілген. Бұл жұмыстардың нәтижелері объектілердің жұмыс жасауының бұрын қабылданған нормативтік көрсеткіштерін арттыруға алып келмейді, оларға жұмсалатын шығындар пайдалану шығындары болып табылады, ал жұмыстар объектілерді пайдалану құжаттамасына сәйкес орындалуға тиіс.

"Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшырудың және зымырандарды сынақтық ұшырудың 2001 жылға арналған жоспарлары бойынша қорытындыны бекіту кезінде "Байқоңыр" кешенінің жалға берілген мүлкіне ажырамас жақсарту енгізудің 2001 жылға арналған жоспары келісілмегеніне байланысты, 2001 жылы "Байқоңыр" кешенінің жалға берілген мүлкіне ажырамас жақсарту енгізу жоспарының орындалуы туралы есеп (5-қосымша) келісусіз назарға алынады.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК